

Би уәлі, ақын Уәлі, күйші Уәлі

Торғай топырағына көз тастаған сайын сан алуан оқиғалар еске түсіп, көп тұлғалар ойға орала береді. Арғысы Жәнібек батырдан бастап, Ыбырай, Ахаң-Жақан болып тізбектеліп кете беретін салқар көштің ішінде ел ұмыта бастаған қанша абзал азаматтардың есімі бар.

Халық ұмытайын деп ұмытпайды-ау. Кешегі отаршылдық, темір бұғау олардың аттарын өшіруге барын салды. Соның өзінде ел ішінде сыбырлап айтылған сыр қаншама. Қазіргі еркін шақта олар туралы жасырмай айтар әңгіме жеткілікті.

Иса ақынның
...Мезгілсіз, мерекесіз кеткен дердін,

Әруағы бізді де айт деп сыбырлайды... – дегенінің кебімен мені де айт, мені де жырла деп тұрған ғазез бейнелер аз емес. Сөз бастаған шешен, қол бастаған көсем, көкірегі күмбірлі күйші Баспақтың Уәлісі сондай тұлғалардың қатарынан. Алаштың аяулы азаматтары Ахаң мен Жақан тұтқындалғанда

...Айдарлым түсті азапқа,
Болатын тұлға қазаққа.
Ахметке қол салу –
Көрсеткен бізге мазақ па?!

...Өзіме-өзім оқ аттым,
Өсекті қардай бораттым.
Осылай жүріп мен сорлы,
Абыройымды тонаттым... – деп толғаған Уәлі есімнің Кеңестік кезеңде айтылмауы

заңдылық еді. Әйтпесе жеті атасынан желісі үзілмей ел билігін



Уәлінің інісі Баспақұлы Бек
(1889 – 1972) жұбайы Айқынмен

өскен ақын Бұзаубай Жайлыбайұлының «Адам атадан бергі шежіре» деген отыз бес бөлімнен тұратын көлемді жыр-шежіресінде Көбек балаларын:

Сэрінжіп, Міржақып пен Асат қандай,

Дұшпанның төбесінен тас атқандай.

Порымы, қайратына ілімі сай,
Табиғат құдіретімен жасатқандай.
Сөйлесе, естіп тұрған бейне бүлбүл,

Адамның сай-сүйегін босатқандай, – деп мадақтап жырлайтыны бар. Аталған жырда Кәрбоз, Уәлі, Бек есімдері де айтылған. Кәрбоз бен Баспақ Қабақтан туады. Баспақтан Уәлі, Бекпатша, Бек тарайды. Кәрбоз, Сэрәнжіп, Бекмағамбет, Асаттар ұзақ жылдар бойы кезекпен кезек Аққұм,

Қабақұлы болыстық уәкіл ретінде Аққұм болысына бекітіліп, ашыққан елге жәрдем беруге ат салысты. 1930 жылы Қарақұм көтерілісіне қатысқаны үшін тұтқындалған Кәрбоз, сол ұсталғанынан елге қайта оралмаған. Шалдыбайдан тараған әулеттен Кәрбозға көбірек тоқталып жатқанымыз, Уәлі өзі өмірден өткенше осы ағасының төңірегінде болған. Баспақ өмірден ерте өткендіктен оның балаларын бағып-қағып, өсірген қамқоршысы Кәрбоз болған. Уәлі ержеткен соң ағасының ең сенімді көмекшісіне, үзеңгілес серігіне айналған.

1916 жылы жүзбасы болған Әбділда Дүйсеновтің «Есімде қалғандары» атты естелігінде патша жарлық шығарып, 19 бен 31 жас аралығындағы жастарды майдан жұмысына

ашылығына кері әсерін тигізетіндіктен орынсыз, сондықтан бұл мәселе жергілікті және орталық биліктің барынша мұқият қарауын қажет етеді;

2. Жеке шаруашылықпен айналысатын әрбір отбасының иесі және оның шаруашылығына керекті төрт адамы майдан жұмысына шақырылудан босатылуы керек;

3. Қобалжыған және үрейленген Торғай уезінің қазақтарын толық тыныштандыру және олардың бейбіт өмірге қайта оралып, өз үй ішілеріне қажетті жағдайларын жасауы үшін 1916 жылдың 15 қыркүйегіне деп белгіленген майдан жұмысына шақыру мерзімін, 1917 жылдың сәуіріне дейін кейін қалдыру керек.

1916 жылы Торғай дуанда болған жиында да Иманқұлдың Әбдірахманы, Көтібардың Тоймағамбеті, Есмағамбет секілді халық өкілдері патша жарлығына көнбейтінін жеткізген. Уәлінің Тоймағамбетті жоқтау өлеңінде аталған оқиғалар көрініс береді:

...Ортада тұр Торғай дуан қаласы,
Түгел еді Арғын-Қыпшақ баласы.
Әверсман ел тексерген шағында,
Байқалып еді жақсылардың шамасы.

Мінбей берік, шаппай жүйрік болғаның,

Көрініп пе еді бәрінің де қарасы.
Атылсам да ризамын деп айтысты,

– Мынау екен, – деді, – ердің сарасы.

Ұзын – Торы, Арғын – Қыпшақ екі тап,

Тәңірім сонда беріп еді үлкен бақ,
Губернатор адам сұрап қысқанда,
Жұрт шулады жар болды – деп аруақ!...

остаған әулеттен шыққан Уәлі ақынның кімнен несі кем еді?..

Уәлі Торғай өңірін ежелден жайлап келе жатқан Торы қыпшақтың Қитаба руынан шыққан. 1884 жылы Қарақоға болысындағы Қабақ көлінің бойында дүниеге келген. Уәлінің әкесі Баспақ айтулы күсбегі болса, атасы Шалдыбайдың Қабағы батыр болған кісі. Қабақтың батыр атануы қазақтың орыстың орамына өте бастаған кездегі аласапыран кезеңге келеді. Қоқан хандығының езгісінен қашқан атақты Досбол би 1850 жылдары Торғай өңірін келіп паналаған. 1854 жылы Қоқан хандығының жеріне қайта көшкен Досбол, 1855 жылы Кенесарының ұлы Тайшық төремен бірге келіп Шалдыбай Қазбайұлының қол астына қарайтын бірнеше ауылды шауып алады. Тайшық төренің сол жорығы кезінде Шалдыбай ауылынан Боқан Тәукеұлы, Күшік Чулдыбаев (Шалдыбаев?), Ізтілеу дегендермен бірге тағы екі адам қаза тауып, алты адамды өлімші етіп жаралап кетеді. Тайшық пен Досбол би соңдарынан қуғыншы түспес үшін жергілікті елді үрейлендіру мақсатында Аққұмда 1000 адамнан тұратын әскеріміз түр деп қорқытады. Олардың соңынан Торғайдағы Бөкей сұлтан 200 адамын жасақпен қуғынға шыққан.

Қабақтың батыр атанған тұсы, міне, осы Тайшық төренің шапқыншылығынан елін қорғаған шағында. Шалдыбайдан Қабақпен бірге туған Көтібар, Көбек те, олардан тараған Бекмағамбет, Тоймағамбет, Асат, Сэрәнжіп, Міржақыптарда қайраты артық, айбаты бөлек азаматтар еді. Қостанайдың Әулікөлінде туып

Қарақоға болыстарын басқарған.

1911 жылы Кәрбоз Аққұм болысының басқарушысы болып сайланғанда, Уәлі оның кандидаты болып тіркеледі. 1916 жылғы маусым жарлығы шыққанда осы Аққұм, Қарақоға болыстарындағы көтерілісшілер Шұбалаң, Майғарау болыстарынан жиналған сарбаздармен бас қосып, Татыр көлінде патша үкіметінің жазалаушы отрядтарымен ең алғашқы шайқасты өткізген. Оларды басқарған Қабақтың Кәрбозы еді. Бұл тұрасында көтерілісшілердің хатшысы болған Сұлтан Ниязов: «Қарақоға, Аққұм болыстарындағы бас көтерген қазақтар өздеріне Қабақов Кәрбозды хан етіп сайлады. Сандыбаев Дәуренбекті мыңбасы, Үркімбаев Қияқбайды оның орынбасары етіп тағайындады. Кәрбоздың інісі Уәлі де мыңбасы болып, айбалта, қылыш, найза, қанжар соғатын ұстаханалар ұйымдастырылды» – деп жазып қалдырыпты. Аққұм мен Қарақоғадағы көтерілісшілер Торғайға шабуыл жасардың алдында Әбдіғапар тобына қосылып, Кәрбоз мың басы болып сайланады. Кәрбоздың сарбаздарының қатарында болған Бірмағамбет Есенжолұлының:

...Күн көтеріп күркіреп,
Соңынан ерген сарыбаз.
Әбдіғапар хан болып,
Мың басы болған Торыдан,
Дәуренбек пен Кәрібоз, – деп жырлайтыны сол тұстарда.

1919 жылы Амангелді батыр тұтқынға түскеннен кейін, оның сарбаздарын Кәрбоз бастап жүрген. 1922 жылы «Тас мешін» жұтында Жүсіпбек Аймауытов бастаған топ Торғай өңіріне көмек әкелгенде, Кәрбоз

алады дегенді естіген Амангелді батыр өзіне шектес Аққұм болысына келіп Кәрібоз Қабақұлы мен Уәлі Баспақұлына жолығып, осы мәселе туралы кеңескенін айтқан екен. Мұның өзі Кәрбоз бен Уәлінің ел ішіндегі беделінің қандай жоғары болғандығын көрсетсе керек. Әбділда өз естелігінде жиналған елдің Иманқұлдың Әбдірахманы, Төкенің Смағұлы және Уәліні Орынборға елші қылып жібермекші болғанында жеткізген. 1952 жылғы Қостанай экспедициясы кезінде Халел Досымов Уәлінің туған інісі Баспақов Бектен жазып алынған естелікте де Уәлінің Орынборға барған елшілердің қатарында болғаны атап көрсетілген.

1916 жылдың 7 тамызында Торғай облысы генерал-губернаторының рұқсат беруімен Торғай, Орал, Ақмола, Семей, Жетісу облыстарының өкілдерінің қатысуымен маусым жарлығына кеңес өткізілгенде, Орынборға елші болып барған Уәлі Смағұл Төкеұлы, Смайыл Тоқмұхаметовтермен бірге Торғай уезінің қазақтарының атынан қатысады. Кейін аталған үшеуі қосылып Ресей империясының әскери соғыс министрі Д.С. Шуваевқа Торғай уезінің қазақтарының атынан хат жазады. Ол хатта маусым жарлығының елді толқуға түсіріп, шаруашылықтың күйзелгенін айтып, елдің атынан мынадай өтініш-тілектерін жеткізген:


1.Торғай уезіндегі тұрғылықты қазақтардың ішінен ер адамдардың майдан жұмыстарына алынуы олардың негізгі тіршілік көзі болып келген және мемлекетке пайдасын тигізіп келген көшпелі мал шару-

Жоқтау өлең арналған Тоймағамбет Уәлінің аталас туысы (Шалдыбай – Көтібар – Тоймағамбет, Шалдыбай – Қабақ – Баспақ – Уәлі). Елдің үлкені Тойжан деп, кішісі Тойекен деп ардақтаған азамат ақылға зерек, сөзге ұста, ел билігін ұстаған жандардың бірі болған. Алашорданың қолдаушыларының бірі болған Тоймағамбет 1925 жылы 46 жасында өмірден өткен. Уәлінің сол кезде Тоймағамбетті жоқтап шығарған өлеңі көлемді болса керек. Өлең толық сақталмай, кейбір үзінділері ғана Қорған Әмірхамзиннің жаттауында жеткен. Отаршыл патша үкіметі Тоймағамбет, Уәлі, Смағұл секілді халық өкілдерінің арыз – тілегін тыңдамай, оның арты үлкен толқуларға, қанды шайқастарға алып келгені белгілі. Әбдіғапар мен Оспан хан, Амангелді мен Қасымхан бастаған сарбаздардың қатарында Уәлі де болып, көтерілістің басынан аяғына дейін қатысады. Бастапқыда Кәрбоз хан сайланғанда мыңбасы болған Уәлі, кейін ағасының көмекшісіне айналып, Тұрысмағамбетов Сейдахмет, Өмірбеков Баймағамбет, Қалабаев Арғынбай, Қобландин Үбікен т.б. ұсталардың басын қосып, қару-жарақ соқтырып, сарбаздарды жабдықтауға белсене кіріседі. Ұйысқан елдің бірлігінің арқасында Торғайдағы көтеріліс патша тақтан құлағанша басылмағаны тарихтан мағлұм.

Уәлі 1917 жылғы төңкерістен кейін елдің күйзелген шаруашылығын қалпына келтіруге ат салысып, халықтың шаруашылығын реттеу мен денсаулық сақтау, оқу ісі, жер мәселесі секілді жұмыстарды қолға ала-

ды. Бұл ретте Уәлінің Торғай уезінде құрылған земство мүшесі болғандығы көп көмегін тигізген. Уәлі Қабақов уездік земство мүшелерінің арасынан Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Сейдәзім Кәдірбаев, Омар Алмасов, Сүйін Атабаев, Сәдіман Жанбосыновтармен бірге облыстық Земствоға гласныйлыққа сайланған. Бірақ осы тұста жіңішке ауруға шалдығып, қымыз ішіп, құмбұлауға түсіп, емделіп, өз ауылынан алысқа ұзай қоймаса керек. Дегенмен ел ішіндегі дүрбелең оның толық емделуіне де мүмкіндік бермейді. 1919 жылы Торғайға келген Колчак әскері мыңбасылар Қабақтың Кәрбозы мен Сандыбайдың Дәуренбегін тұтқынға алып, әскери сот жүргізбекші болады. Шайхының Құлжаны мен Әлмағамбет Қасымовтармен сөйлескен Уәлі Кәрбоз бен Дәуренбекті әскери соттан құтқарып алады. Кейін өлкеге кеңес билігі орнаған уақытта саяси көзқарастары үшін қамауға алынған Ш.Құлжанов, Ә.Қасымов, Н.Аяпов үшеуі қос мыңбасыны соттан құтқарғаны үшін тұтқыннан босатылған. Амангелдінің ағасы Бектепберген және әскери сот кезінде қаза тапқан Токин, Иманқұлов, Бекжановтардың туыстары бұлардың кеңес қызметкерлерінің өліміне қатысы жоқ деп таныған. Құлжановты босатуға өлкелік төтенше комитеттің билігі ғана жүретіндіктен жергілікті партия ұйымының ұйғарымымен Шайхыны Төкенің Қамбарының кепілдігімен ғана босатады.

Өлкеге Кеңес билігі орнағаннан кейін Уәлі халық соты қызметін атқарған. 1924-1926 жылдары Айса Нұрмановтың басшылығымен атақты Албарбөгет құрылысы салынғанда, осы бөгеттің негізінде Бестауда Шилі, Торғайда Дәуітбай, Жаркөлде Бестамақ бөгеттері салынды. Суармалы егіншілікті ұлғай-



**Уәлі күйлерін соңғы орындаушы
Әбдікердің Имағамбеті (1886 – 1985)**

көтеріліске арнап шығарылған. «Кем дүние» күйі Уәлінің үміт артқан жалғыз ұлы Мұсылманбек өмірден өткен кездегі шер-наласы. Уәлі күйлерінің соңғы орындаушысы Әбдікерұлы Имағамбет атты домбырашы 1985 жылы дүниеден өтті. Имағамбет 1886 жылы Торғай уезінің Шұбалаң болысының 7-ші ауылында дүниеге келген. 1930 жылдардағы дүрбелең басталғанша серілік құрып, ел ішін аралап жүріп өнер көрсеткен домбырашы «Қазақтың қаражорғасы», «Қалмақтың қаражорғасы», «Қырғыздың қаражорғасы», «Тәнтән қыз» секілді халық күйлерімен бірге Қазанғап, Тәттімбет, Қапақ сал, Уәлі күйшілердің шығармаларын орындаған. Сіздің орындауыңыздағы күйлерді жазып алайық дегендерге Имағамбет өзі рұқсат бермеген. Бұл дәулескер домбырашының тұғырдан тайып, қарттық жеңіп отырған кезінде болған оқиға.

туды ойлаған Баспақтың Уәлісі Жыланшықта Алтыбай бөгетін, Илияс Бәйменов Торғайда Жыңғылды бөгетін салуды бастайды. Алайда Алтыбай бөгетіне Ақкөлдегі ауылдар, Жыңғылды бөгетіне Ақшығанақтағы ел қарсылық білдіріп, құрылыс толық аяқталмай қалған. Оны тиянақтап істеп, түпкілікті бітіруге Уәлінің бұрынғы сырқаты мүмкіндік бермейді. Дерт меңдеп дімкәс тартқан Уәлі көп ұзамай өмірден өткен.

Уәлі халық соты болып билік айтумен қатар ақындық, күйшілік өнерімен танылған. Торғай ақындық мектебінің алғашқы зерттеушілердің бірі Назарбек Бектемісов өзінің «Ахмет ұшқан алтын ұя» кітабында Уәліні осы өңірден шыққан айтулы ақындардың қатарында атап, оның Ахмет пен Міржақыпқа арналған «Айдау көрді-ау асылым» атты толғауынан үзінділер келтірген. Ақындық өнер Уәлінің бойында тумысынан бар, қанымен келген қасиет деуімізге болады. Біздің қолымызда Уәлінің туысқан ағасы Көтібарұлы Бекмағамбеттің Ыбырай Алтынсарин өмірден өткенде шығарған өлеңі бар. Бірақ Бекмағамбет ақындық жолды құмай, ел билігін ұстаған кісі. Бірнеше сайлау бойы болыс болып, Қарақоға, Аққұм болыстарының басқарушысы болған. Бекмағамбеттің інісі Тоймағамбет дүние салған кездегі Уәлі шығарған өлеңінің үзінділерін біз жоғарыда келтірген болатынбыз. Өкініштісі күмбірлетіп күй тартып, дүбірлетіп жыр айтқан Уәлінің шығармаларының көпшілігі ұмыт болған. Ел есіндегі әңгімелерде Уәлі Ұлытау өңіріндегі күйшілермен жақсы араласып, күй тартысқаны айтылады. Оның «Дүрбелең», «Кем дүние» атты күйлері болған. «Дүрбелең» – 1916 жылғы

Айтулы ақын, дәулескер күйші, қол бастаған батыр Уәлінің бейнесі белгілі жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің «Қоңыр күй» атты хикаятының басты кейіпкері ретінде алынған. Хикаятта негізінен 1916–1920 жылдардағы дүрбелең оқиғалар суреттелгенімен, Уәлінің ақындық, күйшілік қасиеті де сипатталып отырады.

Қазір Баспақтан тараған үш ұлдың ішінде Бектің ғана ұрпақтары бар. Баспақтың Бегі 1889 жылы дүниеге келген. Бек ағасы Уәлінің соңына еріп, Кәрбоз Қабақұлының мыңдығында шайқастарға қатысқан. Кеңес үкіметінің уақытында ұжымдастыру ісіне араласты. 1943 жылы жаудан азат етілген Украинаға көмек ретінде Торғай ауданындағы 44 колхоздан жиналған 3 мыңнан астам ірі қараны соғыстан зардап шеккен елге жеткізіп берген топтың басшысы осы Баспақтың Бегі болатын. Ә.Досбаев, Е.Ахметбеков, Ш.Қараманов т.б. қайратты азаматтардан құрылған топ мамырда жолға шығып, қараша айында Ворошиловград қаласына алып барады. Бек 1943, 1952 жылдары 1916 жылғы көтеріліс тарихын зерттеуге шыққан экспедицияларға бірнеше естеліктер жазғызған. Жасы ұлғайғанда елді дінге үгіттеп, молда болған кісі. 1972 жылы 83 жасында дүние салған. Өмірден өтерінен 3 күн бұрын өзінің барлық кітаптарын, жазбаларын ауылдасы Әлібек деген кісіге берген. Бұл мұралар іздестірсе ел арасынан табылып қалуы әбден мүмкін. Бек қарияның жазбаларының арасында Уәлі ақынның жырлары кездесіп қалуы мүмкін-ау деген ой бізге маза бермейді.

Батырлан САҒЫНТАЕВ,
Қазақстан жазушылар
одағының мүшесі